



Қ.С. Ерғалиев*Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0003-0479-6088>*e-mail: ergaliev1976@mail.ru***Ә.Б. Өмірбек***Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0002-2703-3676>*e-mail: bolatovvvva@mail.ru*

САЯСИ ДИСКУРС: АНЫҚТАМАСЫ, ТИПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада саяси дискурс мәселесі, оның қазіргі әлеуметтік-мәдени тәжірибеге әсері талданады. Дискурс қолданыс аясына қарай бірнеше түрге бөлініп қарастырылады. Соның ішінде саяси дискурс ұғымы сараланып, кең және тар түсінігі сипатталады. Кең мағынасы саяси дискурс қатысушыларын анықтайтын және саяси коммуникацияның белгілі бір тақырыбын қалыптастыратын дискурсивті тәжірибелер мен белгілі бір паралингвистикалық контекстегі сөйлеу жұмыстарының жиынтығы, адресат немесе мазмұны саясат саласында болатын кез келген сөйлеу туралы білім. Ал тар мағынасы – саясатпен шектелген жанрлар класы. Саяси дискурс жайлы зерттеушілердің пікірлері сараланып, қолданыс аясы анықталды. Саяси дискурстың типологиясына талдау жасалды. Стилистикалық ерекшеліктерін зерттеу үшін саяси дискурстың жіктелуіне сүйене отырып, Германия канцлері А. Меркельдің 2015 жылдың басталуына арналған жаңа жылдық үндеуі алынды. Осы жерде саяси дискурстың бірнеше стилистикалық ерекшеліктері атап көрсетілді. Олар: лингвистикалық, экстралингвистикалық және грамматикалық. Әр түріне байланысты тілдік деректер келтірілді.

Түйінді сөздер: дискурс, саяси дискурс, стилистика, диалог, мәтін.

Кіріспе

Дискурс – бұл коммуникативті тіл құралы. Дискурс – сөйлеушілердің сөз жағдаятын ескере отырып, шынайы өмірдегі оқиғаларды өз тіліндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіру, демек, диалог жүзіне көшіру. Г.Г. Бүркітбаеваның айтуынша, дискурс – мәтінмен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы (Бүркітбаева, 2005, 57 б.).

Дискурс – дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы.

Қазіргі таңда қарастырылып отырған тақырыпты қолданыс аясына байланысты бірнеше түрге бөліп жүргендігі белгілі. Дискурс түрлеріне: ғылыми дискурс, спорттық дискурс, әскери дискурс, іскери дискурс, шешендік дискурс, поэтикалық дискурс, балалық дискурс, масс-медиа дискурсы, саяси дискурс, жарнама дискурсы, экономикалық дискурс, педагогикалық дискурс, электрондық дискурс т.б. жатады. Жалпы бұл ұғым прагмалингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, антропология, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, философия ғылымдарының

тоғысында тұрғандықтан, оған белгілі бір категория ретінде анықтама берудің өзі де қиындық тудырады.

«Саяси дискурс» ұғымы (немесе оны саяси-публицистикалық дискурс деп те атайды) мәні бойынша көп қырлы болып табылады. Саяси дискурс – саясаткерлердің, саяси тұлғалардың көпшілік алдында сөйлеген сөздері, оқылатын мәтіндері. Ол тілдік емес мақсатта жасалады, яғни мақсаты саяси жағдайды түбегейлі өзгертіп, адамдар тобының көзқарасын өзгеруі туралы түсіндіріледі.

Лингвистикалық әдебиетте саяси дискурстың кең және тар түсінігі бар. Кең мағынада, саяси дискурс – бұл:

- адресат немесе мазмұны саясат саласында болатын кез келген сөйлеу білімі (Шейгал, 2000, 53 б.);

- белгілі бір паралингвистикалық контекстегі сөйлеу жұмыстарының жиынтығы – саяси іс-әрекеттің, саяси көзқарастар мен сенімдердің, оның ішінде жағымсыз көріністерінің контексті (Герасименко, 1998, 19 б.);

- саяси дискурс қатысушыларын анықтайтын және саяси коммуникацияның белгілі бір тақырыбын қалыптастыратын дискурсивті тәжірибелер жиынтығы (Герасименко, 1998, 20 б.).

Саяси дискурстың тар анықтамасын Т. ван Дайк ұстанады. Оның пікірінше, саяси дискурс – бұл әлеуметтік саламен, атап айтқанда, саясатпен шектелген жанрлар класы. Үкіметтік пікірталастар, парламенттік пікірсайыстар, партиялық бағдарламалар, саясаткерлердің сөйлеген сөздері – бұл саясат саласына жататын жанрлар. Саяси дискурс – саясаткерлердің дискурсы. Сонымен бірге ғалым саяси дискурс институционалды дискурстың бір түрі екенін айтады. Яғни Үкімет отырысы, Парламент сессиясы, саяси партияның съезі сияқты институционалды ортада жасалған дискурс саясаткерлердің дискурстары болып саналады. Сөйлеушіні саясаткердің кәсіби рөлінде және институционалдық жағдайда айту керек (Баранов, 2001, 198 б.).

Австриялық лингвист Р. Водак «саяси тіл екі полюстің арасында орналасқан: функционалды түрде арнайы тіл мен өзіне тән идеологиясы бар белгілі бір топтың жаргоны. Сондықтан саяси тіл қарама-қайшылықты қызметтерді орындауы керек, атап айтқанда, түсінуге және белгілі бір топқа бағытталған болуы керек» (Баранов, 2001, 201 б.).

Соңғы он жылда саяси дискурс төңірегі лингвистердің үлкен зерттеу объектісіне айналды. Саяси дискурсты танып-білу қызығушылығы тіл біліміндегі жаңа бағыт – саяси лингвистиканың тууына себепші болып отыр. Саяси лингвистиканың қазіргі тіл білімінде зерттелуінің өз ішінде өзгешелігі бар жаңа бағыты болып табылатындығы: әлеуметтік лингвистердің жетістігі (тілдің функционалдық жағынан зерттелуі), мәтін лингвистикасы (мәтіннің жан-жақты зерттелуі), когнитивтік лингвистика (тілдік тұлға т.б зерттелуі), стилистика (тілдің көркемдегіш амал-тәсілдерінің, қолдану аясының зерттелуі), ауыз әдебиетімен (халық шығармашылығының ауыздан шығарылып, ауызша таралуы) ұштасуы. Осы жайттарды айта отырып, саяси дискурс өзінің ерекшелігімен және формаларымен саяси ғылымның ғылыми категорияларының ішінде маңызды әрі тұрақты орын алатындығын айтуға болады.

Материалдар мен әдістер

Тілдік материалға талдау жасауда жүйелеу, сұрыптау әдістері пайдаланылды.

Қазіргі қолданбалы лингвистика мен саясаттануда саяси дискурс қатысушыларды анықтайтын және саяси коммуникацияның белгілі бір тақырыбын қалыптастыратын дискурсивті тәжірибелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, талқыланатын тақырыптар жиынтығымен, екінші жағынан, осы тақырыптарды талқылаудың қабылданған тілдік тәсілдерімен (дискурсивті тәжірибелермен) құрылады (Баранов, 2001, 145 б.).

Саяси дискурстың өзіндік байланысы, кәсіби бағдарланған белгілер жүйесі бар. Саясат тілінің ерекшеліктері – бұл бұқаралық ақпарат құралдарында бар және сол арқылы кез келген арнайы тілге тән корпоративтіліктен айырылады, өйткені саяси тіл жаппай адресатқа бағытталған (Баранов, 1997, 9 б.).

Е. Шейгал мына үш компоненттің кем дегенде біреуі саясат саласына қатысты болса, дискурсты саяси деп санайды: тақырып, адресат немесе сөйлеу жұмысының мазмұны, сонымен қатар бұл қоғамдағы биліктің таралуы мен қолданылуына әсер ететін кез келген хабарлама және басқа дискурс сияқты, өріс құрылымына ие: дискурстың бұл түрінің ортасында саяси коммуникацияға барынша сәйкес келетін жанрлар бар – билік үшін күрес, ал шеткері жерлерде билік үшін күрес функциясы артта қалатын және дискурстың басқа түрлерінің функцияларымен араласатын жанрлар бар (Шейгал, 2000, 55 б.).

Дискурсты авторлық тұрғыдан қарастыру саяси дискурс тұжырымдамасының көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Сөйлеу тақырыбы тұрғысынан С.Н. Плотникова саяси дискурсты саясаткерлердің дискурсы мен жауап дискурсына бөлуді ұсынады. «Жауап дискурсы» термині саясат дискурсына реакция ретінде шығарылған кез келген дискурсты білдіреді. Дискурстың бұл түрі саяси дискурстан екінші реттік болып табылады, өйткені жауап беруші әрқашан жауап беретін адам ретінде әрекет етеді. Егер саяси дискурс институционалды болса, онда жауап дискурсы институционалды болып табылмайды (Домышева, 2007).

Нәтижелер және талқылау

Саяси дискурсты әр алуан мазмұндық-тақырыптық принцип пен адресат негізінде қарастыруға болады және ол келесідей түрлерді қамтиды:

а) саясаткерлердің тікелей жасаған және саяси қарым-қатынаста қолданылатын мәтіндер (саяси құжаттар, парламенттік сөздер мен пікірталастар, саяси көшбасшылардың көпшілік алдында сөйлеген сөздері мен сұхбаттары) – институционалды саяси дискурс. Бұған аппараттық коммуникациямен байланысты ресми саяси дискурс енеді, оның аясында мемлекеттік аппарат қызметкерлеріне арналған мәтіндер жасалады;

б) бұқаралық ақпарат құралдары (медиа) саяси дискурс, оның шеңберінде журналистер жасаған және баспасөз, теледидар, радио, интернет арқылы таратылатын саяси тақырыптағы мәтіндер пайдаланылады;

в) «қарапайым азаматтар» жасаған мәтіндер, олар кәсіби саясаткерлер немесе журналистер болмаса да, саяси коммуникацияға арагидік қатысады (саясаткерлерге немесе мемлекеттік мекемелерге жолданған хаттар мен үндеулер, БАҚ-тағы хаттар, саяси детективтер, саяси поэзия, сондай-ақ саяси мемуарлардың мәтіндері) (Шейгал, 2000, 51 б.).

Стилистикалық ерекшеліктерді зерттеу үшін саяси дискурстың жіктелуіне сүйене отырып, Германия канцлері А. Меркельдің 2015 жылдың басталуына

арналған, 2014 жылдың 31 желтоқсанында Берлинде жасаған жаңа жылдық үндеуін қабылдадық (Neujahrsansprache, 2014/2015). Бұл мәтінде келесі стилистикалық ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

экстралингвистикалық: «2014 wird als ein Jahr in Erinnerung bleiben» (екі мың он төртінші жыл ретінде есте қалады), «es war das Jahr» (бұл жыл болды), «2014 wird auch als das Jahr in Erinnerung bleiben» (2014 жыл есте қалады), «2014 mussten wir außerdem erleben» (2014 жылы біз аман қалуға мәжбүр болдық), сонымен қатар 2014 жылы болған оқиғаларға сілтеме бар сөйлемдер арқылы: Эбола ауруы, «Ислам мемлекеті» террористік ұйымының қатыгездігі, Украинадағы дағдарыс, босқындардың болуы, жұмыс істейтін адамдар санының көбеюі, Германияның Бразилиядағы әлем чемпионатындағы жеңісі;

- тікелей үндеу сөйлеудің қосымша екпіні үшін қолданылады: «*liebe Mitbürgerinnen und Mitbürger*» (Қымбатты отандастар);

- объективтілікке деген ұмтылыс «es» жеке есімдігі бар сөйлемдер мен көпше түрдің бірінші бетінде қолданылатын етістіктер арқылы көрінеді: «*es war das Jahr, in dem wir in Europa in lange nicht gekannter Härte erfahren haben, was es bedeutet, wenn Grundlagen unserer Europäischen Friedensordnung in Frage gestellt werden – also die freie Selbstbestimmung der Völker*» (бұл біз ұзақ уақыт бойы Еуропада бұрын-соңды болмаған қиындықтарды бастан кешірген жыл болды, бұл біздің еуропалық бейбітшілік тәртібінің халықтардың өзін-өзі анықтауы сияқты негіздерін сұрастырады дегенді білдіреді), «*wir Sicherheit in Europa gemeinsam mit Russland wollen*» (біз Ресеймен бірге Еуропадағы қауіпсіздікті қалаймыз), «*dazu leisten auch wir deutschen unseren Beitrag, denn das ist in unserem Interesse*» (біз немістер өз үлесімізді қосамыз, өйткені бұл біздің мүддеміз);

- нақтылық, Меркельдің пікірінше, болашақта ұйымшылдық арқылы жеңе алатын «сын-қатерлерді» қамтитын тезистердің көмегімен көрінеді:

- «*die digitale Revolution, die unser Leben fundamental verändert und ganz neue Möglichkeiten für Innovation und Wettbewerbsfähigkeit bietet*» (біздің өмірімізді түбегейлі өзгертетін және инновациялар мен бәсекеге қабілеттіліктің жаңа мүмкіндіктерін ұсынатын сандық революция).

- «*die demographische Entwicklung, die nicht nur Auswirkungen auf unsere Arbeitswelt hat, sondern unser gesamtes Leben erfasst, denken wir nur an die Pflege unserer Angehörigen*» (демографиялық даму, ол тек еңбек нарығына ғана емес, сонымен бірге бүкіл өмірді қамтиды, тек біздің туыстарымыз бен жақындарымыздың көмегі туралы ойланыңыз).

- «*die Zuwanderung von Menschen, die ein Gewinn für uns alle ist*» (бәрімізге пайдалы иммиграция).

- «*den Welthandel, bei dem es darum geht, große Wettbewerbschancen zu nutzen und gleichzeitig soziale und ökologische Standards zu behaupten*» (әлемдік сауда, бұл бәсекелестік мүмкіндіктерін пайдалану және сонымен бірге әлеуметтік және экологиялық стандарттарды сақтау туралы);

д) сөйлеудің жеке сипаты бірінші тұлғада қолданылатын етістіктер арқылы көрінеді: «*ich danke allen, die einen Beitrag dazu leisten, diese Krankheit, die noch lange nicht besiegt ist, einzudämmen*» (мен ұзақ уақыт бойы жеңілмеген ауруды оқшаулауға үлес қосқандардың барлығына алғыс айтамын). «*Im Rahmen der deutschen G7-Präsidentschaft will ich mich dafür in den nächsten Monaten mit aller*

Kraft einsetzen» (Үлкен жетілікке неміс төрағалығы аясында мен алдағы айларда бұл үшін барлық күш-жігерімді саламын);

лингвистикалық. Лингвистикалық стилистикалық ерекшеліктерді қолданудың мақсаты, ең алдымен, сөйлеу тақырыбын ашу және оның маңызды сәттерін айқындау, сонымен қатар мәртебеге, формальдылыққа, мәлімдемеге экспрессивтілік беру болып табылады. Төмендегі мысалдар соның дәлелі.

- шындықтың болуы (орын, уақыт, атаулар туралы мәліметтер): «*Russland, 2014» (Ресей, 2014), «Europa» (Еуропа), «schreckliche Krankheit Ebola» (Эбола ауруы), «Westafrika» (Батыс Африка), «die Terrororganisation IS» (Сирия мен Ирактың солтүстігіндегі «Ислам мемлекеті» террористік ұйымы);*

- қоғамдық-саяси және құқықтық терминдер сөйлеудің ресми және дәлдігін қамтамасыз етеді: «*das Völkerrecht» (халықаралық құқық), «transatlantische Partner» (трансатлантикалық серіктестер), «verteidigen» (қорғау), «die freie Selbstbestimmung der Völker» (халықтардың өзін-өзі анықтауы), «die Terrororganisation» (террористік ұйым).*

- ерекше лексика (эмоционалды түрде боялған сөздер мен тіркестер): «*auf bestialische Weise» (қатал), «wüten» (ашулы), «ich drücke unserer Frauen-Fußball nationalmannschaft ganz fest die Daumen» (Мен әйелдер футбол командасы үшін саусақтарымды ұстап тұрамын).*

- метафоралар: «*Europa hat genau diese Herausforderung verstanden und angenommen» (Еуропа дәл осы сынақты түсінді және қабылдады), «Werte, die Europas Zukunft als Ganzes und die seiner Mitgliedstaaten politisch wie im Übrigen auch wirtschaftlich tragen» (Еуропаның болашағын тұтастай көтеретін және мүше елдерді саяси, экономикалық тұрғыдан қолдайтын құндылықтар);*

- грамматикалық түрін келесі мысалдардан көруге болады.

- тілдік клишелер мен шаблондар сөйлеуге институционалды сипат береді: «*ich wünsche von Herzen denen, die am heutigen Abend Kummer haben oder um einen lieben Menschen trauern, Trost und Beistand, und uns allen gemeinsam Kraft, Gesundheit und Gottes Segen für das neue Jahr 2015» (Мен бүгін кешке қайғыға батқан немесе қымбат адам туралы қайғырған адамдарға жұбаныш тілеп, барлығымызға жаңа 2015 жылға күш, денсаулық және Құдайдың батасын тілеймін);*

- лепті сөйлемдері сөйлеуді эмоционалды етеді: «*folgen Sie denen nicht, die dazu aufrufen!» (бұған шақырғандарға ермеңіз!), «Den zu oft sind Vorurteile, ist Kalte, ja, solar Haus in der Herzen!» (Олардың жүректерінде тым әсуі теріс пікірлер, суық және тінті жеккөрушілік бар!).*

Қорытынды

Қорытындылай келе, саяси дискурс – бұл қарым-қатынастың әлеуметтік-саяси саласында, ал кеңірек, қоғамдық қарым-қатынас саласында тілді қолдану. Саяси дискурсты саясаткерлердің дискурсына (институционалды және медиа) және институционалды емес жауап дискурсына бөлуге болады. Саяси дискурс келесі стилистикалық ерекшеліктермен сипатталады: лингвистикалық, экстралингвистикалық және грамматикалық. Стилистикалық ерекшеліктерінің әр түріне тілдік деректер келтірілді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. Москва, 2001. 246 с.
- Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Постулаты когнитивной семантики. Известия РАН // Серия лит. и яз. 1997. Т. 56, № 1. С. 11–21.
- Бүркітбаева Г.Г. Деловой дискурс. Антология и жанры. Алматы, 2005. 230 б.
- Герасименко Н.А. Информация и fascinación в политическом дискурсе // Политический дискурс в России. 2. Москва, 1998.
- Домышева С.А. Политический дискурс vs дискурс реагирования: оценка политика как «человека неискреннего» в средствах массовой информации // Вестник Челябинского гос. ун-та. Челябинск, 2007. № 22. С.1–3.
- Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. Москва; Волгоград: Перемена, 2000. 367 с.
- Neujahrsansprache von Bundeskanzlerin Angela Merkel zum Jahreswechsel 2014/2015 am Mittwoch, 31. Dezember 2014, in Berlin // Die Bundeskanzlerin. URL: www.bundestkanzlerin.de. Дата доступа: 06.05.2022.

References

- Aznacheeva Ye.N. (2009). K probleme tipologizatsii professional'noy yazykovoy lichnosti muzBaranov A.N. (2001). Vvedenie v prikladny`u lingvistiku` [Introduction to Applied Linguistics]. Moskva, 246 s.
- Baranov A.N., Dobrovolskii` D.O. (1997). Posty`laty kognitivnoi semantiki [Postulates of cognitive semantics]. – Izvestiya RAN // Ser. lit. i yaz. T.56, №1. S. 11–21.
- Burkitbaeva G.G. (2005). Delovoi disky`rs. Antologiya i janry [Delovoy discourse. Anthology and genre]. Almaty, 230 b.
- Gerasimenko N.A. (1998). Informac`iya I fasc`inac`iya v politicheskom disky`rse [Information and fascination in political discourse]. Politicheskii` disky`rs v Rossii. 2. Moskva, S.24.
- Domyшева S.A. (2007). Politicheskii` disky`rs vs disky`rs reagirovaniya: otsenka politika kak «cheloveka neiskrennego» v sredstvakh massovoi informatsii [Political discourse vs Reaction discourse: evaluation of a politician as an "insincere person" in the media]. Vestnik Chelyabinskogo gos.y`n-ta. Chelyabinsk. №27. S.1–3.
- Shei`gal E.I. (2000). Semiotika politicheskogo disky`rsa [Semiotics of political discourse]. Moskva; Volgograd: Peremena, 367 s.
- Neujahrsansprache von Bundeskanzlerin Angela Merkel zum Jahreswechsel 2014/2015 am Mittwoch, 31. Dezember 2014, in Berlin // Die Bundeskanzlerin. URL: www.bundestkanzlerin.de. Data dosty`pa: 06/05/2022.

К.С. Ергалиев,

Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Республика Казахстан

А.Б. Омирбек

Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Республика Казахстан

**ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: ОПРЕДЕЛЕНИЕ, ТИПОЛОГИЯ,
СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ**

Аннотация. В статье анализируется проблема политического дискурса, его влияние на современную социокультурную практику. В зависимости от сферы применения дискурс

классифицируется на несколько видов. В том числе рассматривается понятие политического дискурса в его широком и узком значении. В широком значении он представляет собой набор дискурсивных практик и речевой работы в определенном паралингвистическом контексте, определяющих участников политического дискурса и формирующих определенную тему политической коммуникации, адресат или содержание которой находится в области политики. А в узком значении это – класс жанров, ограниченных политикой. Были проанализированы мнения исследователей о политическом дискурсе и определены сферы применения. Проведен анализ типологии политического дискурса. Основываясь на классификации политического дискурса, для изучения его стилистических особенностей было взято новогоднее обращение 2015 года канцлера Германии А. Меркель. Были выделены несколько стилистических особенностей политического дискурса: лингвистические, экстралингвистические и грамматические. В зависимости от типа были приведены языковые данные.

Ключевые слова: дискурс, политический дискурс, стилистика, диалог, текст

K.S. Yergaliyev

Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

A.B. Omirbek

Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

METHODOLOGY FOR TEACHING THE SKILLS OF INTERPRETING POLITICAL DISCOURSE

Abstract. The article analyzes the problem of political discourse, its impact on modern socio-cultural practice. Depending on the scope of application, the discourse is classified into several types. In particular, the concept of political discourse in its broad and narrow meaning is considered. In a broad sense, it is a set of discursive practices and speech work in a certain paralinguistic context that define participants in political discourse and form a certain topic of political communication, the addressee or content of which is in the field of politics. And in a narrow sense, it is a class of genres limited by politics. The opinions of researchers on political discourse were analyzed and the scope of application was determined. The analysis of the typology of political discourse is carried out. Based on the classification of political discourse, the 2015 New Year's address of German Chancellor Angela Merkel was taken to study its stylistic features. Several stylistic features of political discourse were identified: linguistic, extralinguistic and grammatical. Depending on the type, the language data was given.

Keywords: discourse, political discourse, stylistics, dialog, text.